

Бекітемін:

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Менгерушісі:

Баймолдина К.К.



Келісілді:

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Әдіскері:

Оразғалиева Г.Б.

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Мектепалды даярлық тобына арналған

ұйымдастырылған іс – әрекеттің циклограммасы

2022 – 2023 оқу жылына

Тәрбиеші: Сыдыкова Д.С

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепалды даярлық

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 3-апта 21 - 25 қараша 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<p>Демалыс күнін қалай өткізгенін сұрау</p> <p>Сыйластық туралы өз ойларын сұрау</p> <p>Ойын: «Мен қандаймын?» (Бір қыз, бір ұл болып араласып тұрады. Көршісіне «Мен сені сыйлаймын, сенімен достасқым келеді» деп, оның қолын қысады.)</p>	<p>Мейірімділік туралы әңгімелесу.</p> <p>Күлімдеген күн мейірімді!</p> <p>Кіршіксіз ақ қар мейірімді!</p> <p>Таза мөлдір су мейірімді!</p> <p>Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді!</p> <p>Аяулы анам мейірімді!</p> <p>Қамқоршы апам мейірімді!</p> <p>Еңбек тапсырмасы: Балықтарға жем беру</p> <p>Ойын: «Мейірімділік жібі»</p> <p>(Балалар бір - бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. Ақырғы бала жіп орамын мұғалімге беріп, өз тілегін айтады)</p>	<p>«Бізде кім жақсы» ойыны.</p> <p>Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды.</p> <p>Балалар баланың атын айтып, сипаттайды</p> <p>Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жинау</p>	<p>«Өз отбасындағы қуанышты кездесулер» туралы айтып беру.</p> <p>Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жуу, сөреге жинау</p> <p>Ойын: «Мейірімділік гүлін» құрастыру (Балалар әр түрлі мейірімді сөздер айтып гүл күлтелерін құрастырады)</p>	<p>«Қуаныш сыйлау»</p> <p>Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю, шаңдарын сүрту.</p> <p>Ойын: «Күншуақ»</p> <p>Күлімдеген күн мейірімді, Кіршіксіз қар мейірімді, Таза мөлдір су мейірімді, Мәпелеген ата-ана мейірімді.</p>
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<p>Ата-аналармен әңгіме:</p> <p>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме:</p> <p>Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме:</p> <p>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме:</p> <p>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме:</p> <p>«Дұрыс тамақтануға баулу»</p>


			қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	жеуге үйретулерін ескерту.	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жан-жануарларға мейірімді болу туралы пікірлесу, мақал- мәтел жаттау. Суретті кітапшаларды бояу.	« Мейірімді бала туралы әңгімелеп бер»Мақсаты: сөздік қорын дамыту.	«Сыйластық» туралы әңгімелесу.Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	« Сөйлемді аяқта» Менің досым.....(сыпайы, қайырымды, ақылды, ақкөңіл)Сөздік қорын дамыту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету.	Д/О «Достық неден басталады»Шарты: мен сендерге достық туралы сөздер айтамын оған иә немесе жоқ деп шапшаң жауап бересіңдер.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 6				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Жылы сөздер ойыны» Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады.	Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу	« Менің досым»ойыны Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан педагог досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал- мәтел, такпақ сұрайды.	«Менің айтуым бойынша». Шарты: педагог бір баланы айтып сипаттайды. Соның қай бала екенін балалар айтады.	- Мейірімділікті қалай көрсетуге болады? -Жақсы көретін жан - жануарларың бар ма? Сұрақ-жауап
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Мақсаты Дауысты, дауыссыз дыбыстарды	Сауат ашу негіздері Міндеті: үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды Мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру	Сауат ашу негіздері Міндеті: Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту Мақсаты дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру	Сауат ашу негіздері Міндеті: - Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру. Мақсаты дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру	Көркем әдебиет Міндеті: Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау Мақсаты ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу -Балалар, бүгін «Ақымақ

<p>ойын барысында бекіту</p> <p>Әжесі қайсысы жақсы көреді" әңгімесін мәнерлеп оқу</p> <p>Дидактикалық ойын: «Дауысты дыбыстарды ата».</p> <p>Ойын шарты:</p> <p>Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездесе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездесе, тыныш отырады</p>	<p>«Жалауша» дидактикалық ойыны</p> <p>– Балалар, мен сендерге дыбыс айтып, сол дыбысы бар сөздерді айтамын. Егер дыбыс сөз басында болса, қызыл жалаушаны, сөз соңында болса, көк жалаушаны, сөз ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер.</p> <p>Мысалы: (Е) етік, керік, себет, серке, Берік, ет, ер, елік, текемет, ел, тер, Ерлан, тәрелке, ешкі, күлтеше, жүрек, тірек, бәтеңке, есік т.б.</p> <p>(Ә) әтеш, бәтеңке, бәсіре, бәліш, әтір, әңгелек, әміре, Кәмилә, Кәмшат, әйнек, мәсі т.б.</p> <p>(Ұ) ұршық, ұлу, ұшак, ұзын, құмыра, ұн, құндыз, құлып, Ұлжан, ұлпа, құс, ұрыс, ұрық, ұмыт, ұқыпты, құм т.б.</p>	<p>«Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы</p> <p>Педагог балаларға «ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды.</p> <p>Мысалы: Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б.</p> <p>«Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалақ, жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б</p>	<p>«Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалық ойыны</p> <p>– Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек.</p> <p>Алма ... (үлкен), қой ... (арық), домалық ... (өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ... (кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ... (алма) т.б.</p>	<p>қасқыр» ертегісімен танысамыз.</p> <p>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Ертегі қалай аталады? – Қасқыр жайылып жүрген нені көрді? – Қой қасқырға не деп жауап берді? Қалай құтылды? – Қасқырға тағы не жолығады? – Ешкі қасқырдан қалай құтылады? – Ертегі қалай аяқталды?
<p>Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Қайда жасырылғанын тап», «Мысықтар мен балалар»</p>				

Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:

Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту

Шалқан: Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «О...о...о!» деп таң қалды. Кәне, бізде айтып



Жыланның ысылы: Жылан қалай дыбыстайды?

Ыы.....Ыс – с – сссс



Жүгіруге арналған ойын: «Қайда жасырылғанын тап»

Мақсаты:

Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу
Ойынның шарты: Балалар бөлменің бұрышында тұрады.

Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады, тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да «болды», деген де балалар жалаушаны іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

Жүгіруге арналған ойын:

«Мысықтар мен балалар»

Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады. Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады. Балалар «кис-кис», деп шақырады. Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.



2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қоршаған орта Міндеті: Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Мақсаты Еңбек туралы жалпы түсініктерін бекіту арқылы балалардың сөздік қорын байыту.</p> <p>Ойын сәті. Педагог беті жабық себет алып шығады. – Менің қолымдағы себетте өте дәмді, біздің дастарқанмыздан күнде көретін, балаларға өте пайдалы тағам. Ол қандай тағам? (Себет толған сүт, айран, қатық, ірімшік т.б. өнімдері). Біздің бәріміз дәмді және пайдалы сүтті жақсы көреміз. – Қандай малдың сүтін шайға қосамыз, ішеміз? (Сиырдың).</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау Мақсаты : айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру</p> <p>. Ойын сәті. Әлия мен Сырым «Бұл қашан болады?» деген жұмбақ шешуді ұсынады. – Бұл қашан болады? Күн суық, жаңбыр жиі жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге үзіліп түседі. Құстар жылы жақтарға ұшып кетеді. Адамдар жеміс-жидек пен көкөністерді жинап алады. – Бұл қашан болады? Далада аяз болады, қар жауады. Үлпілдек қар жауса, одан аққала</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау Мақсаты: айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру</p> <p>Демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог қуыршақты жыл мезгіліне сай киіндіруді ұсынады. Тақтадағы баланың суреті бойынша маусымға қарай киім таңдауға көмек көрсету. Қуыршақтың есімін қойып, жыл мезгіліне сай киіндіруге көмектеседі.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау Мақсаты айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру</p> <p>«Жыл бойы» Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды: – Ақпан жыл ішінде нешінші ай? – Жылдың соңғы айы қандай? – Қазаннан кейінгі қандай ай? – Жаз айларын ата және т.б.</p> <p>Ай аттарын есінде сақта. – Әр жыл мезгілінде неше ай бар?</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау Мақсаты Адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу</p> <p>Ойын «Кім жылдам?» . Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек. Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел. Сәуле балаларға сұрақ қояды: Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айтады</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>– Сиырды сауатын адамдар қалай аталады? (Сауыншылар).</p> <p>– Сауыншылар сиырды сауады. Сауылған сүт ыдыстарға құйылады. Сүтті арнайы зауыттарға әкеледі. Сол жерде сүттен май, қаймақ, айран, сүзбе дайындалады. Сүтті арнайы құрылғыларда өңдейді, өнімдерді әртүрлі ыдыстарға құяды, сүт өңдейтін аппараттарды, контейнерді маман басқарады. Содан кейін дайын болған сүт өнімдерін дүкендерге жеткізіледі (демонстрациялық материалдардағы суреттер).</p>	<p>соғуға болады. Сусылдақ қар да жауады. Өзен-көлдердің суы мұз болып қатады. Мұз қатты, салқын және тайғанақ</p> <p>– Бұл қашан болады? Күн жылынып, қар ери бастайды, жылғалардан су ағады. Жерде шөп және алғашқы гүлдер шығады, ағаштар бүршік атып, жапырақ жаяды. Жылы жақтардан құстар оралып, ұя салады.</p> <p>– Бұл қашан болады? Күн ыстық болады. Өсімдіктер гүл атады. Адамдар өзен-суларға шомылады. Құстардың ұяларында балапандар пайда болады</p>	<p>– Далада күн суық болғанда қалай киіну керек? Ал күн ыстық болғанда ше?</p> <p>Педагог жыл мезгілінің суретін көрсетеді, балалар қуыршаққа киім таңдайды.</p>		
<p>Үзіліс:</p>					

<p>Қимылды ойын: « Күн мен түн » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.</p>	<p>Қимылды ойын:« Көгі-гөк » Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Ойын мазмұны: Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап: Гөк, гөк, көгі көк, Гөк, гөк, көгі гөк. Гөк, гөк, көгі гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда? Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей. Әлгің қайда? - Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің бірінді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек.</p>	<p>Қимылды ойын: « Аққу-қаздар » Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. Ойын мазмұны: Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасыңдар қай жаққа. Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Біздің жерге түсе кет, Түсіп сусын іше кет. Қаздар: Сіздің жерге түсеміз Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, Жақтарыңа бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек</p>	<p>Қимылды ойын: « Шарлармен алмасу » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады (біреуі оңға, біреуі солға ұсынады). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанатын. Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады</p>	<p>Қимылды ойын: « Кішкене өзен арқылы » Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу Ойынның шарты: Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.</p>
---	--	---	---	---

	<p>Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.</p>	<p>жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.</p>		
--	---	---	--	--

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Міндеті: Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу Мақсаты -тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету Тақпақ жаттау. Педагог отбасы мүшелерін қайталап, тақпақты бірге қимылмен жасап, жаттауды ұсынады. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз, Басбармақ – әкем, Балаң үйрек – анам, Орган терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз?</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті: қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру Мақсаты Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. . Балаларға «Ғажайып алаң» ойынын ойнауға шақыру Балалар барабанды айналдыра отырып, ұпай жинайды, сұрақтарға жауап береді,</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - әңгімелесушіні мұқият тындап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Мақсаты әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін түсіндіру Мақал-мәтелдерді қайталау. 1.Анаға бала алтыннан да қымбат. 2.Жаны саудың – тәні сау. 3.Ата – балаға сыншы. 4.Ата – бәйтерек,</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру Мақсаты Жағымды мінез-құлық қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Жануардың дауысын сал». Қасқырдың дауысын сал – у-у-у-у. Ешкінің дауысын сал – бе-е-е. Қойдың дауысын сал – мә-ә-ә. Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп</p>
--	---	---	---	---	---

	<p>Бір үйде біз бесеуіміз. Мақал-мәтілдерді жаттап ал. Отан отбасынан басталады. Баланың бас ұстазы – ата-ана.</p>	<p>тапсырмаларды орындайды. Бірінші тапсырма: Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін атау. Атам, әжем, Әкем, шешем. Әпкем, сіңілім, Ағам, інім және мен. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз</p>	<p>Бала – жапырақ</p>	<p>ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге бастарын иеді. Көрермендер қол шапалақтайды</p>	<p>жасау, онда міндеттерді келісіп атқару Мақсаты: - ертегі желісі бойынша сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, құрастыруға үйрету Топтық жұмыс</p>
<p>Үзіліс: . Секіруге арналған қозғалмалы ойын: «Сызықтан секіру»</p>					

**Тіл дамытуға арналған
жаттығулардың мақсаты:**

Балалардың дыбысты дұрыс айтуын
түзету, тілін дамыту

1.Т: Күй сандықты ашайық

Б до- до- до

Т: тілдерін біз бастайық

Б: ре - ре - ре

Т: бас дыбысты бастайық

Б: ми - ми - ми

Г Жайлап әнге салайық

Б: до - до - до

2. Шалқып шығар сонда
күй


Б: фа - фа - фа

Т: Бәрі до - дан басталар

Б: до- до -до

Т: До -ны қоштар басқалар

Б: До, ре, ми, фа, соль,ля , си, до



Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру»

Ойынның мақсаты: Қос аяқтап секіру
тәсілдерін үйрету.

Мазмұны: Ойын алаңының бір шетінен түзу
сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау
арқылы төрт командаға бөлініп, олардың
біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы
сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара
қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель
8-10 сызық жүргізіледі.

Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың
бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін
жүгіріп келіп , аяқтарын біріктіріп ұстап,
параллель сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді
де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады.
Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру
әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке
шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт
ойыншы секіріп өтеді.

Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше
жалғасабереді. Ойынның соңында әр қатардағы
қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты
аталады.

Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.

Ойынның ережесі

1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс
секіргені бағаланады.

2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара
қашықтықтар сақталуы керек.

3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы
орындалуға тиіс.

Әдістемелік нұсқаулар.

Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы
қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген
екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға
көрсетіп , басқа ойыншылардан солар сияқты

		<p>секіруді талап ету керек. Ойынның педагогикалық маңызы. Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді.</p>
--	--	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру Мақсаты: екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта жүру</p>	<p>Музыка Міндеті: -Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету Мақсаты: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту Музыка тыңдау: «Туған ел» (Л. Хамиди) Ән айту:</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен секіру Мақсаты арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіру</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру Мақсаты) Бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру «Классиктер»: бір</p>	<p>Музыка Міндеті: -домбыра мен кобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, таныстыру. Мақсаты Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту Музыка тыңдау:</p>
--	---	---	---	--	--

	екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру	«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) «Астана» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.э. (өнд. Б. Дәлденбай)	Арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді жетілдіру. (3 рет) Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет) Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады	құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Нұсқау: аяқтарының ұшымен жұлқи серпілу; жерді табанымен толық баспайды. (3 рет)	«Туған ел» (Л. Хамиди) Ән айту: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) «Астана» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.э. (өнд. Б. Дәлденбай)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

<p>Серуен</p>	<p><i>Күзгі желді бақылау</i> Мақсаты: балаларды <i>табиғат құбылыстары, желдің созуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету.</i> <i>Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау. Жапырақтардың желден сыбдырлағанын тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбдырлайды? (соққан желден қозғалып сылдырлайды). Жерге түскен жапырақтарды, жоғары қарай лақтырып бақылау. Балалармен желді күні бұлттардың қозғалысын бақылауға болады. Желдің қатты созуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма (вертушка), желбіреуішпен.</i> Көркем сөз: - <i>Бұлт-ау көктен төнесің, Қайдан көшіп келесің,</i> - <i>Мухит үрлесе, желемін! Жел үрлесе желемін!</i> <i>Қимыл – қозғалыс ойын «Ұшақтар».</i></p>	<p><i>Гүлзарларды бақылау</i> Мақсаты: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру . <i>Бақылау</i> Күн жылы болып, күн сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гүлзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады. Тақпақ: Гүл өсірем үйде Су құямын күнде Гүл күткенді біледі Бойын сылап сүйеді Күнде гүлін ашады Жұпарын маған шашады Ө.Тұрманжанов Қимыл – қозғалыс ойын «Мысық пен торғайлар». Мақсаты: жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету, Еңбек алаңында жұмыс істеу : Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына жинау.</p>	<p><i>Күзгі жәндіктерді бақылау</i> Мақсаты: күздегі жәндіктедің жүріс-тұрыстарын жүйелі түрде бақылауды қалыптастыру. <i>Бақылау:</i> шөп үстінде секіріп жүрген шегіртке қайда кетті? Қанқыз неге көрінбейді? Неге қоңыздар мен көбелектер көрінбейді? (олар тығылып қалды). Кімнен немесе неден тығылып қалды? (оларға суық болды) Олар қайда тығылды? (ағаштардың діңгектер жырығына, үйлердің тесіктеріне) Онда олар не істейді? (ұйықтайды). Жәндіктер тығылған жерлерді табу және олар қыстың қатты суығында өліп қалмас үшін не істеуге болады? (ағаштың қабығына, түскен жапырақтарды астынан). Жерден құрғақ жапырақтарды жинап және оны себу. Көркем сөз: «Көбелек» Көбелек –ау, көбелек! Әдемісің керемет Гүлге келіп қона ғой Өзің де гүл бола ғой.</p>	<p><i>Маусымдық өзгерістерді бақылау</i> Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады. Тақпақ: Күзде жауын. Бұлт. Тұман Сары жапырақ жауады. Сары құйын ұйтқыған Сапырады ауаны Тапталады табанға Судыр- судыр жапырақ Өрттей сары бояуға Малыңандай атырап. М. Әлімбаев Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар».</p>	<p><i>Жаңбырды бақылау</i> Мақсаты: Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді бақылауды жалғастыру. Жазда жаңбыр қатты жауады бірақ қысқа және жылы болады. Ал күзде жаңбыр жиі жауып, суық боп келеді. Бұл кезде адамдар қолшатырдың астында тығылса, құстар ұяларына, ағаштың жапырағының астына жасырынады. Жаңбырлы күнді терезеден бақылау. Жаңбырдың терезені тарсылдатқанын тыңдап, тамшылардың терезе келіп түсіп аққанын тамашалау. Жолдарда қандай шалшық сулар пайда болғанын көру. Бүгін ауа-райы қандай? (Жаңбырлы, күн бұлыңғыр), Жаңбыр жиі жауып, күн суып, сіркіреп, жерде шалшық сулар пайда болды. Жаңбырлы күнде жерді бақылау: ол қап қара, жабысқақ, сулы. Адамдардың киімдеріне көңіл бөлейік: (жауын өткізбейтін плащ, резенке етік, қолдарына қол шатыр ұстаған) . Адамдар неге осылай киінген?</p>
----------------------	---	--	---	--	--

	<p>Мақсаты : әр –түрлі бағытта жүгіріп жүруге үйрету, бір – бірін қағып соқпай жүруге үйрету. Белгі бойынша жүріп тоқтауға жатықтыру.</p> <p>Алаңдағы еңбек . Екі топқан бөлініп ұшқан жапырақтарды шелек жинау.</p>		<p>Қозғалмалы ойын: «Инектің әні»</p> <p>Мақсаты: сөздерді байланыстыра сөйлеуге, ырғақты, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру.</p> <p>Еңбек алаңында жұмыс істе</p>	<p>Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Алаңдағы еңбек: кұстарға жемсалғыш жасау.</p>	<p>Тақпақ Жаңбыр, жаңбыр, жауа бер! Сенен бақша, бауөнер Жадырасын туған жер Күміс моншақтама бер Қозғалмалы ойын: «Соқыр теке қоңырауымен» Мақсаты: балалардың көңіл күйін көтеру. Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.</p>
--	--	--	---	---	---

	болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--	--	--	---	--	--

Тексерген: Оразгалиева Г.Б 